

"Нұр-Сұлтан қаласының мектепке дейінгі ұйымдарында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 23 сәуірдегі № 107-1402 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Астана қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 27 желтоқсандағы № 107-3855 қаулысы.
Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 28 желтоқсанда № 31315 болып тіркелді

Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Нұр-Сұлтан қаласының мектепке дейінгі ұйымдарында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 23 сәуірдегі № 107-1402 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1321 тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Астана қаласының мектепке дейінгі ұйымдарында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы";

көрсетілген қаулының кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 3-тармағының 7-1) тармақшасына және 62-бабының 6-тармағына, Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**;

көрсетілген қаулының 1 - тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Астана қаласының мектепке дейінгі ұйымдарында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.";

көрсетілген қаулының 3 - тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"3. "Астана қаласының Білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы оның ресми жарияланғаннан кейін Астана қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.";

көрсетілген қаулының 4 - тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"4. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.";

көрсетілген қаулының қосымшасының оң жақ жоғарғы бұрышы жаңа редакцияда жазылсын:

"Астана қаласы әкімдігінің
2021 жылғы 23 сәуірдегі
№ 107-1402 қаулысына
қосымша";

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Астана қаласының Білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы оның ресми жарияланғаннан кейін Астана қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Астана қаласының әкімі

Ж. Қасымбек

Астана қаласы әкімдігінің
2022 жылғы 27 желтоқсандағы
№ 107-3855 қаулысына
қосымша

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
2021 жылғы 23 сәуірдегі
№ 107-1402 қаулысына
қосымша

Астана қаласының мектепке дейінгі ұйымдарында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері

Астана қаласының мектепке дейінгі ұйымдарындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы		Б і р тәрбиеленушіге бір айға ата-ана төлемақысының мөлшері (теңге) (арнайы мектепке дейінгі ұйымдар мен түзету топтарын қоспағанда)	
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы тәрбиеленушілер саны		Мектепке дейінгі ұйымдарда бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың бір айдағы орташа құны (теңге)	
	Мемлекеттік мектепке дейінгі ұ й ы м жанындағы	Мемлекеттік мектепке дейінгі ұ й ы м жанындағы	1 . Мектеп к е дейінгі

№	Мемлекеттік мектепке дейінгі ұйым	Жеке мектепке дейінгі ұйым	мектепке дейінгі шағын орталық		мектепке дейінгі шағын орталық		ұйымдағы түзету және инклюзивті топтары.	Мемлекеттік мектепке дейінгі ұйым; толық келу күнімен шағын орталықтар	Жеке мектепке дейінгі ұйым
			толық күн болатын	жарты күн болатын	толық күн болатын	жарты күн			
				Мектепке дейінгі ұйымдағы жалпы дамыту топтары		жарты күн	Санаториялық балабақшасы	Астана қаласы әкімдігінің "Көз көру қабілеті бұзылған балаларға арналған № 23 "Алтын бесік" балабақшасы" коммунальдық мемлекеттік мекемесі.	
			толық күн болатын	жарты күн болатын	толық күн болатын		Астана қаласы әкімдігінің "№ 64 "Асыл бөбек" арнайы балабақшасы" коммунальдық мемлекеттік мекемесі.		
							Астана қаласы әкімдігінің "№		

							болаты н		96 "		
									Аяла" арнайы балабақ шасы" коммун алдық мемлек еттік мекеме сі.		
1	23195	27168	600	4548	41718	31995	18066	62040	91118	16800	20800

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ